

«БЕКІТЕМІН»

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешова

«А» 08 2025 ж.

«Кәсіби маманды тәрбиелеу» байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «Кәсіби маманды тәрбиелеу» атты қалалық байқауының (бұдан әрі – Ереже) білім беру ұйымдарының оқу жұмысы жөніндегі директор орынбасарларына арналған қалалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) құру және жұмыс істеу тәртібін реттейді.
- 1.2 Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.
- 1.3 Байқауды ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы».
- 1.4 Қатысушылар: білім беру ұйымдары директорларының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарлары.
- 1.5 Нәтижелерді жариялау: байқаудың кезеңдері бойынша қорытындысы Орталық сайтында орналастырылады: <https://astana-modern.edu.kz/>

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1 **Мақсаты** – Астана қаласы орта білім беру ұйымдарының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларының озық педагогикалық тәжірибесін анықтау, қолдау және тарату.
- 2.2 **Міндеттері:**
- білім беру процесіне жаңа педагогикалық технологияларды неғұрлым тиімді енгізетін оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларын анықтау, көтермелеу және олардың жұмыс тәжірибесін тарату;
 - оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының шығармашылық әлеуетін арттыру;
 - кәсіби қарым-қатынас ауқымын кеңейту;
 - оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларының кәсіби өсуін ынталандыру.

III. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 3.1 Байқауды ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін комиссия мүшелері құрылады.
- 3.2 Байқаудың комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Комиссияның құрамы әдістемелік орталық қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, ЖОО, «Өрлеу» БАҰО АҚ қызметкерлерінен құрылады.

3.4 Байқауды өткізу туралы хабарландыруды 30 күн бұрын Орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

3.5 Қалалық комиссия құрамы байқаудың бірінші кезеңін бағалайды және қорытынды шығарып, жеңімпаздар туралы шешім шығарады. Екінші кезең өзара бағалау арқылы жүргізіледі.

3.6 Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.7 Комиссия мүшелері бағалауды критерийлер бойынша тиісті бағалау парақтарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссияның әрбір мүшесі бағалау парақтарын комиссия хатшысына тапсырады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

3.8 Комиссия мүшелері:

- байқауға қатысушылар ұсынған материалдардың сапасын бағалайды;
- байқау шеңберіндегі іс-шараларға қатысады;
- қатысушылардың жұмыстарын бағалаудың қорытынды хаттамаларын жасайды.

3.9 Байқау 2025 жылғы 1 қазан – 31 қазан аралығында өткізіледі.

3.10 Байқау 2 кезеңнен тұрады: сырттай (оқу-басқарушылық жобаны ұсыну), офлайн (жұмыс тәжірибесімен өзінің білім беру ұйымда бөлісу).

I кезең: 6-13 қазан аралығында;

II кезең: 30 қазан;

Қорытынды шығару: 01 қарашаға дейін.

3.11 Байқаудың екінші кезеңіне бірінші кезеңде ең жоғары ұпай жинақтаған 10 қатысушы өтеді.

3.12 Байқауға тек **ағымдағы** (жүзеге асып жатқан) жоба қатыстырылады.

3.13 Байқауға интернеттен алынған және бұрын жарияланған жұмыстар қабылданбайды.

3.14 Байқауға ұсынылған жұмыстардың мазмұнына ұйымдастырушылар жауап бермейді.

3.15 Байқауға әр білім беру ұйымынан бір оқу жұмысы бойынша орынбасары қатыса алады.

3.16 Байқауға қатысу үшін **өтінімді (1-қосымша), жоба жұмысын (PDF форматында, титул парағын қоса 25 беттен аспауы шарт)** 2025 жылды 06 қазанына дейін a.kabdieva@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберілуі тиіс. Анықтама алу үшін 87784335609 телефоны арқылы байланыса алады.

3.17 Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған, кешіктірілген материалдар қабылданбайды, қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

IV. БАЙҚАУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ МЕН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бірінші кезең. Жоба материалдарын ұсыну (электронды форматта, сырттай).

4.1 Бірінші кезең сараптамалық бағалаудың негізгі критерийі - жоба мазмұнының толықтығы.

4.2 Жобаның мазмұнды толтырылуының көрсеткіштері:

- **өзектілігі** (білім беру жүйесінің тиісті фрагментін жетілдіру және дамыту үшін жобалық идеяны іске асырудың қажеттілігі мен уақыттылығы);
- **жаңашылдығы, өзіндік ерекшелігі** (түбегейлі жаңа тәсіл, қолданыстағы білім беру жағдайын жетілдіру, педагогикалық практиканы жаңғырту, балама ұсыну және т.б.);
- **жобаның ауқымдылығы** (жергілікті, өңірлік, өңіраралық, республикалық, халықаралық);
- **жобаның жүйелілігі** (фрагменттік немесе жүйелік сипат (бағдарлама, педагогикалық іс-әрекеттер жиынтығы немесе білім беру технологиялары, әдістемелік немесе ғылыми-ұйымдастырушылық, цифрлық қамтамасыз ету және т.б.));
- **жобаның тиімділігі** (білім беру жағдайын жақсарту, елеулі байыту, түбегейлі өзгерту);
- **жоба идеясының трансляциясы** (идеяны іске асыру шарттарының бірегейлігі немесе оны қайталау мүмкіндігі);
- **жоба құрылымының толықтығы** білім беру жағдайын талдау, жобаның егжей-тегжейлі тұжырымдамасы (жобалық идея, проблемаларды сипаттау, мақсаттар мен міндеттер қою), білім беру жүйесінің немесе оның фрагментінің мазмұндық және ұйымдастырушылық моделі, ресурстармен қамтамасыз етілген жобаны іске асыру жоспары, іске асыру сметасы;
- **жобаның құрылымдық элементтерінің пысықталу дәрежесі** (толықтығы, тереңдігі, нақтылығы) ;
- **жобаның құрылымдық бөліктерінің дәйектілігі** (жағдайды талдаудың проблемаларды сипаттауға, тұжырымдаманың негізгі қызмет бағыттарына, мақсаттар мен міндеттердің қолданыстағы қажетті ресурстарға сәйкестігі);
- **жобаның шынайылығы** (жоба идеясының, мақсаттары мен міндеттерінің нақты білім беру жағдайына жоба авторының іске асыру кезіндегі әрекеттерімен сәйкестігі) ;
- **жобаның іске асырылуы** (білім беру жағдайының басқа субъектілерінің іс-әрекеттері жоба авторының оны іске асыру кезіндегі іс-әрекеттерімен болуы, тартылуы және келісілуі);
- **жобаны басқару** (ғылыми-ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің, жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл тәсілдері мен жоспарының болуы, білім беру ресурстарын қалыптастыру).

4.3 Бірінші кезең сараптамалық бағалаудың өлшемшарттары (4.2 пунктіне сәйкес):

- 0 ұпай – көрсеткіш ұсынылмаған;
- 1 ұпай – көрсеткіш жартылай ұсынылған, әлсіз қадағаланады;
- 2 ұпай - көрсеткіш жартылай ұсынылған: нақты қадағаланады, бірақ толық мөлшерде емес;

- 3 ұпай - көрсеткіш толық ұсынылған.

4.4 Бірінші кезеңнің максималды жалпы ұпай саны – 36 ұпай.

4.5 Екінші кезеңнің сараптамалық комиссиясы бірінші кезеңнен сәтті өткен 10 қатысушыдан өзара бағалау жүргізу үшін құрылады.

4.6 Екінші кезең сараптамалық бағалаудың негізгі критерийі – жобаны жүзеге асырудың дәлелдігі (бағалау критерийлері 2-қосымша).

4.7 Екінші кезеңге өткен қатысушылар арасында жұмыс тәжірибесімен бөлісу реті электронды жеребе арқылы өткізіледі.

4.8 Жобаның сараптамалық қорытынды бағасы, барлық әділқазылардың ұсынылған бағаларының ортақ арифметикалық көрсеткіші.

4.9 жобаның тұсаукесерін конкурсант тікелей жобаны білім беру ұйымында өткізеді.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

5.1 Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтайды.

5.2 Байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздар Гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен және номинациямен марапатталады. Барлық қатысушыларға электронды сертификат табысталады.

«Кәсіби маманды тәрбиелеу»
қалалық байқауына қатысуға сұраныс

Мекеме туралы мәлімет (Жарғыға сәйкес мекеменің толық атауы)

Мекеменің мекен жайы _____

Байланыс телефоны: _____

E- mail: _____

Оқу жұмысі бойынша орынбасардың ТАӘ:

Оқу жұмысі бойынша орынбасардың телефоны:

Мектеп басшысы: _____

Қолы

ТАӘ

« »

2025 жыл

«Кәсіби маманды тәрбиелеу» байқауы
Екінші кезеңнің бағалау парағы

Жоба атауы _____
Білім беру ұйымы _____
Қатысушының аты-жөні _____
Күні _____

№	Өлшемшарт					
1	Жоба мазмұнының мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі. Жоба мазмұны қойылған мақсаттар мен міндеттерге қаншалықты сәйкес келеді	1 ұпай: жоба іс жүзінде көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келмейді.	2 ұпай: мақсаттар мен міндеттерге сәйкестік шектеулі, мақсаттардың бір бөлігі орындалмайды.	3 ұпай: ішінара мақсаттарға сәйкес келеді, бірақ бірнеше міндеттер орындалмады.	4 ұпай: жоба жалпы мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді, бірақ кейбір аспектілер толық орындалмай қалады.	5 ұпай: жоба қойылған мақсаттар мен міндеттерге нақты және толық сәйкес келеді, жобаның барлық мақсаттарына қол жеткізілді.
	Ұпай					
2	Жобаны оқу процесіне енгізу сапасы. Жоба мектептің күнделікті қызметіне қаншалықты тиімді енгізілді.	1 ұпай: жоба оқу процесіне енгізілмеген, тек жекелеген эпизодтарда қолданылады.	2 ұпай: жобаны оқу процесіне енгізу шектеулі, оның әдістері мен тәсілдерін қолдану сирек кездеседі.	3 ұпай: жоба ішінара, тек жеке сабақтарда немесе бағдарламаларда енгізілді.	4 ұпай: жоба оқу процесіне енгізілді, бірақ оны барлық пәндерде қолдану мүмкін емес.	5 ұпай: жоба оқу процесіне толығымен біріктірілген, оның элементтері барлық тиісті оқу пәндерінде белсенді қолданылады.
	Ұпай					
3	Қатысушылардың белсенділігі (мұғалімдер мен оқушылар). Жобаға мұғалімдер де, оқушылар да қаншалықты белсенді және қызығушылық танытады.	1 ұпай: жоба ең аз қатысумен жүзеге асырылады, көптеген қатысушылар қатыспайды.	2 ұпай: қатысушылардың қатысу деңгейі төмен, көптеген оқушылар мен мұғалімдер қызығушылық танытпайды.	3 ұпай: қатысудың орташа деңгейі, кейбір қатысушылар жеткілікті белсенді емес.	4 ұпай: оқушылар мен мұғалімдер жобаға белсенді қатысады, бірақ мотивацияда аздаған проблемалар бар.	5 ұпай: оқушылар мен мұғалімдердің белсенділігі мен жобаға кіріктірілгендігі жоғары деңгейде, барлық қатысушылар жобада белсенді жұмыс істейді.
	Ұпай					
4	Жобаның білім беру жетістіктерінің тиімділігі мен нәтижелілігіне ықпалы Оқушыларды оқыту, дамыту және тәрбиелеуде қандай нәтижелерге қол жеткізілді.	1 ұпай: нәтижелер жоқ немесе шамалы.	2 ұпай: ең төменгі білім беру нәтижелеріне қол жеткізілді.	3 ұпай: негізгі нәтижелерге қол жеткізілді, бірақ толық емес	4 ұпай: жоспарланған нәтижелердің көпшілігі оң нәтижеге қол жеткізілді.	5 ұпай: барлық мәлімделген нәтижелерге айтарлықтай білім беру әсерімен қол жеткізілді.
	Ұпай					
5	Инновация және іске асырудың креативтілігі. Жоба	1 ұпай: жаңалық немесе шығармашылық элементтері жоқ.	2 ұпай: инновацияның минималды	3 ұпай: инновациялық әдістер мен тәсілдерді	4 ұпай: жоба айтарлықтай шығармашылық пен	5 ұпай: инновацияның жоғары деңгейі

	педагогикалық практикаға инновациялық әдістер мен тәсілдерді қаншалықты енгізеді.		элементтері қолданылды	қалыпты пайдалану.	жаңалықты көрсетеді.	және ерекше шығармашылық.
	Ұпай					
6	Жоба аясында ата-аналармен және қоғамдастықпен ынтымақтастық және өзара әрекеттесу. Жоба ата-аналармен, сыртқы серіктестермен және жергілікті қоғамдастықпен ынтымақтастықты қаншалықты қамтиды.	1 ұпай: ата-аналармен және қоғамдастықпен қарым-қатынас жоқ.	2 ұпай: ынтымақтастық минималды.	3 ұпай: өзара әрекеттесу шектеулі, сыртқы серіктестердің қатысуы жеткіліксіз.	4 ұпай: ата-аналармен және қоғамдастықпен өзара әрекеттесудің белсенді формалары бар.	5 ұпай: ата-аналармен, серіктестермен және жергілікті қоғамдастықпен кең және тиімді ынтымақтастық.
	Ұпай					
7	Нәтижелердің тұрақтылығы және ұзақ мерзімділігі. Жобаның нәтижелері қаншалықты тұрақты болуы мүмкін және оны жүзеге асыру аяқталғаннан кейін де жалғасады ма.	1 ұпай: нәтижелер қысқа мерзімді.	2 ұпай: тұрақтылық минималды.	3 ұпай: нәтижелер болашақта ішінара сақталады.	4 ұпай: нәтижелердің көпшілігі ұзақ мерзімді әсер етеді.	5 ұпай: нәтижелер тұрақты және ұзақ мерзімді перспективада сақталады.
	Ұпай					
8	Барлық қатысушылар үшін жобаның күрделілігі мен қолжетімділігін бағалау. Жобаның дайындық деңгейіне, қажеттіліктеріне және ерекшеліктеріне қарамастан барлық оқушылар үшін қаншалықты қолжетімді екенін бағалау.	1 ұпай: жоба тым күрделі немесе қатысушылардың көпшілігі үшін қол жетімді емес.	2 ұпай: қатысушылардың шағын тобы үшін ғана қолжетімді	3 ұпай: кейбір санаттар үшін қолжетімділік шектеулі.	4 ұпай: жоба көптеген қатысушыларға қол жетімді	5 ұпай: жоба толығымен қол жетімді және барлық қатысушыларға бейімделген.
	Ұпай					
9	Жобаның мектеп мәдениеті мен атмосферасына әсерін бағалау. Жоба мектептегі жалпы атмосфераға және мектеп	1 ұпай: жоба айтарлықтай әсер етпейді	2 ұпай: әсер минималды.	3 ұпай: мектеп мәдениетіне қалыпты әсер етеді.	4 ұпай: айтарлықтай оң әсер.	5 ұпай: мектеп атмосферасы мен мәдениетін айтарлықтай жақсартады.

	мәдениетіне қалай әсер етеді.					
	Ұпай					
	Жалпы ұпай саны					

Бақылаушының аты-жөні, қолы _____ / _____/